

"Мемлекеттік статистика саласындағы сұхбаттасу" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 қаңтарда № 19833 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 2 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 14.04.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 117-бабының 2-1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік статистика саласындағы сұхбаттасу" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. "Статистикалық байқаулар (зерттеулер) жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндеттін атқарушының 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 336 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9123 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 25 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде бұйрықтың осы тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 6 қантардағы
№ 2 бұйрығымен
бекітілді

"Мемлекеттік статистика саласындағы сұхбаттасу" көсіптік стандарты

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік статистика саласындағы сұхбаттасу" көсіптік стандарты (бұдан әрі – көсіптік стандарт) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды (бұдан әрі – статистикалық байқау) және ұлттық санақтарды жүргізу бойынша қызметтер көрсету үшін мамандарды тартуға арналған біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы көсіптік стандартта "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) сұхбаттасу – сауал салуды телефон арқылы сауал салудың компьютерлендірілген жүйесі арқылы және (немесе) интервьюердің сауал салуды жеке жүргізу тәсілі;

2) салалық біліктілік шенбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы (бұдан әрі – СБШ).

2-тaraу. Көсіптік стандарттың паспорты

4. Көсіптік стандарттың атауы: "Мемлекеттік статистика саласындағы сұхбаттасу".

5. Көсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: сапалы алғашқы статистикалық деректерді жинау және ресми статистикалық ақпарат пен ұлттық санақ қорытындыларын түзуге жәрдемдесу үшін негіз болып табылатын жұмысқерлердің біліміне, икемділіктеріне, дағдыларына және жеке құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларының жүйелі және құрылымдалған сипаттамаларын қасіп бойынша ұсыну.

6. Көсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:

Кәсіптік стандарт ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімі басшысының және нұсқаушысының, нұсқаушы-бақылаушының, жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды және ұлттық санақтарды жүргізу жөніндегі интервьюердің (бұдан әрі – статистикалық байқауларды жүргізу жөніндегі интервьюер) негізгі функциялары мен құзыреттіліктерін сипаттайтын.

7. Кәсіптік топ:

әкімшілендіру саласындағы қызметшілер.

8. Кәсіптік кіші топ:

статистикалық ақпаратты өндеу және маркетингтік зерттеулер бойынша қызметшілер.

3-тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

- 1) статистикалық байқауларды жүргізу жөніндегі интервьюер – Салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) бойынша біліктіліктің 4-денгейі;
- 2) нұсқаушы-бақылаушы – СБШ бойынша біліктіліктің 5-денгейі;
- 3) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы – СБШ бойынша біліктіліктің 6-денгейі;
- 4) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы – СБШ бойынша біліктіліктің 7-денгейі.

10. Нысан бойынша кәсіптер карточкасы осы кәсіптік стандартқа қосымшада келтірілген.

"Мемлекеттік статистика
саласындағы сұхбаттасу"
кәсіптік стандартына
қосымша
Нысан

Кәсіптер карточкасы

"Статистикалық байқауларды жүргізу жөніндегі интервьюер" кәсібінің карточкасы	
Кәсіптің коды	
Кәсіптердің атауы	Статистикалық байқауларды жүргізу жөніндегі интервьюер
Салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) бойынша біліктілік деңгейі	4
Халықты әлеуметтік корғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының ұлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптердің біліктілік деңгейі	

Кәсіптік білім деңгейі	Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жалпы орта білім, жұмыс өтілі бойынша талаптарды қосысыз
	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдіснамалық және техникалық күжаттамамен жұмыс істеу 2. Қажетті ақпаратты қолжетімді дереккөздерден табу 3. Жұмыста дербес компьютерді (бұдан әрі -ДК), оғистік көшірмелегеуді, аудио және бейне техниканы пайдалану 4. Өзін-өзі ұйымдастыру <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының статистикалық байқаулар саласындағы заннамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері, өз құзыреті шегіндегі статистикалық байқаулардың нысандары мен әдістері 2. Статистикалық нысандар мен санақ параптартары, сауал салу әдістемелері және сұхбаттасудың базалық дағдылары 3. Еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздері, еңбек заннамасы; ішкі еңбек тәртібінің қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары
1-еңбек функциясы: Статистикалық байқауларды жүргізуге дайындық	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті ақпаратты қолжетімді дереккөздерден табу 2. Респонденттермен және (немесе) үй шаруашылықтарымен байланыс орнату 3. Статистикалық байқау туралы негізгі мәліметтерді жазу 4. Статистикалық байқауларға қатысу қажеттілігі туралы түсіндіру 5. Респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының сұрақтарына сындарлы жауап беру 6. Әңгімелесуді кәсіби түрде жүргізу, сауал салуды жүргізу 7. Искерлік әңгімелесу дағдыларын білу 8. Тізімдер мен есептерді жасау <p>Білімі:</p>

	<p>2-міндет:</p> <p>Алдын ала аралап шығу, статистикалық байқауга жататын респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының тізімдерін нақтылау және статистикалық байқау туралы акпараттандыру, респонденттер және (немесе) үй шаруашылықтарының арасында насиҳаттау-түсіндіру жұмыстарын жүргізу</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Казақстан Республикасының статистикалық байқаулар саласындағы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері, өз күзыреті шегіндегі статистикалық байқаулардың нысандары мен әдістері 2. Статистикалық байқауларды ұйымдастыру жөніндегі әдіснамалық және нұсқамалық күжаттар, олардың мақсаттары мен міндеттері 3. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі -Зан) 19-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекітетін статистикалық нысандарды ұсыну мерзімдері 4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 17-тармағы 266-49) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекітетін санақ параптартары 5. Тілді білу (құрылым, грамматика, лексика)
	<p>1-міндет:</p> <p>Статистикалық нысандарды және (немесе) санақ параптартарын тарату және жинау, бекітілген статистикалық нысандар және (немесе) санақ параптартары бойынша респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына сауал салуды жүргізу</p>	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Респонденттердің және (немесе) үй шаруашылықтарының ерекшеліктерін есепке алу, жазба жүргізумен бір уақытта сұхбат жүргізу 2. Статистикалық байқауларға қатысу қажеттілігін түсіндіру 3. Байланыс орнату, әңгімелесуді әдепті жүргізу 4. Алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын сактау <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының статистикалық байқаулар саласындағы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері

		<p>2. Саяал салу әдістері және сұхбатасудың базалық дағдылары</p> <p>3. Статистикалық байқауларды үйімдастыру жөніндегі әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p>
2-еңбек функциясы: Статистикалық байқауларды жүргізу	2-міндет: Статистикалық байқаулардың мақсаттарын түсіндіру және статистикалық нысандарды және (немесе) санақ паралларын толтыру кезінде респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына консультация беру	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Айқындау, түсіндіру және консультация беру</p> <p>2. Сұрақтарды түсіну және дұрыс түсіндіру</p> <p>3. Жауаптардың толық нұсқаларын түжірымдау</p>
	3-міндет: Анықталған кемшіліктерді түзету және қосымша сұрақтар бойынша статистикалық байқаулардың материалдарын нактылау үшін респонденттерге және (немесе) үй шаруашылықтарына кайтадан бару	<p>Білімі:</p> <p>1. Статистикалық нысандар және (немесе) санақ паралларының және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтардың мазмұндары</p> <p>2. Тіркелген деректерді жөндеу және түзету тәсілдері</p> <p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Қайта келудің мақсатын түжірымдау және түсіндіру</p> <p>2. Қосымша және нактылаушы сұрақтарды қою</p> <p>3. Жауаптардың толық нұсқаларын түжірымдау</p> <p>4. Жөндеулер мен түзетулер енгізу</p>
	1-міндет: Респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан алынған деректерге логикалық бақылау жүргізу	<p>Білімі:</p> <p>1. Саяал салу әдістері және сұхбатасудың базалық дағдылары</p> <p>2. Статистикалық байқауларды үйімдастыру және жүргізу жөніндегі әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p> <p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Деректерді логикалық бақылау үшін сапалық және сандық өлшемшарттарды пайдалану</p> <p>2. Нактылауды талап ететін деректердің мазмұны мен көлемін айқындау</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Логикалық бақылау тәсілдері, рәсімдері</p> <p>2. Статистикалық байқауларды үйімдастыру және жүргізу жөніндегі әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p>

<p>3-еңбек функциясы:</p> <p>Алғашқы статистикалық деректерді планшет, интернет-ресурс немесе қағаз жеткізгіштер арқылы бағдарламалық қамтамасыз етуде толтыру, кодтау және енгізу сапасына бақылау жүргізу</p>	<p>2-міндегі:</p> <p>Респонденттерден және (немесе) үй шаруашылықтарынан алынған деректерді ресми статистикалық ақпаратты және (немесе) ұлттық санақ қорытындыларын қалыптастыруға, өндеге дайындау</p>	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Статистикалық нысандарға және (немесе) санақ парактарына кодтарды және алғашқы статистикалық деректерді енгізу Толтырылған статистикалық нысандарды және (немесе) санақ парактарын экспорттау Тізімдемелер мен есептер жасау Жұмыста ДК-ны, планшетті, оғиштік көшірмеледі, аудио және бейне техниканы пайдалану <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> Заңның 19-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекітетін статистикалық нысандарды ұсыну мерзімдері және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар Ереженің 17-тармағы 266-49) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ведомствосы бекітетін санақ парактары Статистикалық байқауларды ұйымдастыру жөніндегі әдіснамалық және нұсқамалық күжаттар
<p>Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар</p>	<p>Детальдарға мүқият болу Нормативтілік Көпшілдік Ықпал ету Ауызша және жазбаша коммуникация Жаупкершілік Әдептілік нормаларын ұстану Нәтижеге бағдарлану</p>	
<p>СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланыс</p>	<p>5 6 7</p>	<p>Нұсқауши-бақылаушы Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқауши Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы</p>
<p>СК-мен байланыс</p>	<p>Статистикалық байқауларды жүргізу жөніндегі интервьюер</p>	<p>147</p>

"Нұсқауши-бақылаушы" кәсібінің карточкасы	
Кәсіптің коды	-
Кәсіптің атаяу	Нұсқауши-бақылаушы

СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5	
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес көсіптің біліктілік деңгейі	-	
Көсіптік білім деңгейі	Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жалпы орта білім, жұмыс өтілі бойынша талаптарды қосызы	
		<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Алғашқы статистикалық деректерді алу Жиналған алғашқы статистикалық деректердің сапасын және олардың ДК, планшет, интернет-ресурс арқылы енгізуін бақылау Жұмыста ДК-ны, планшетті, офицілік көшірмеледі, аудио және бейне техниканы пайдалану Барлық мұдделі тараптармен өзара қарым-қатынас құру <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> Ұлттық санақты ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық күжаттар Алғашқы статистикалық деректермен жұмыс істеу қағидаттары Алғашқы статистикалық деректерді жинау процесін ұйымдастыру Жұмыс процестерін жоспарлау мен ұйымдастыру негіздері Еңбекті ұйымдастыру мен басқарудың, еңбек заннамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібінің қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары Іскерлік қарым-қатынас дағдылары Заманауи электрондық ресурстар жұмысының негіздері: электрондық пошта, интернет-ресурс, бағдарламалық қамтамасыз ету
1-еңбек функциясы: Ұлттық санақтарды жүргізуді ұйымдастыру және оған қатысу	1-міндет: Ұлттық санақтарды жүргізу кезінде еңбек ресурстарын, сауал салу уақытын бөлу	Икемділіктер мен дағдылар:

	<p>1. Жұмыс кезеңдерін үйімдастыру және бақылау</p> <p>2. Алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын сақтау</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ұлттық санақ саласындағы заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері</p> <p>2. Ұлттық санақтарды үйімдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p> <p>3. Еңбекті үйімдастыру негіздері</p> <p>4. Тілді білу (грамматика, лексика)</p> <p>5. Искерлік қарым-қатынас дағдылары</p>
	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Мұдделі тараптармен өзара қарым-қатынас құру</p> <p>2. Оқытууды үйімдастыру және жүргізу</p> <p>3. Қолжетімді дереккөздерден қажетті ақпаратты табу</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ұлттық санақтар мәселелері бойынша заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері</p> <p>2. Сұхбат алудың базалық дағдылары</p> <p>3. Ұлттық санақтарды үйімдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p>
2-еңбек функциясы: Ұлттық санақтарды жүргізу кезінде алғашқы статистикалық деректерді жинауға, интервьюер жұмысының сапасын бақылауға оқыту	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Санак парактарының толық толтырылуын, алынған алғашқы статистикалық деректердің қамтылуы мен анықтығын бақылау</p> <p>2. Тізімдемелер мен есептер жасау</p> <p>3. Жұмыста ДК, планшетті, оғиштік көшірмеледі, аудио және бейне техниканы пайдалану</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 казандығы №1049 қаулысымен</p>
2-міндет: Интервьюерлер жұмысының сапасына бақылау жүргізу	

		<p>бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидалары мен мерзімдері</p> <p>2. Ереженің 17-тармағы 266-49) тармақшасына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілдегі органның ведомствоны бекітетін санақ парактары</p> <p>3. Бақылау іс-шараларын жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар</p>
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар		<p>Талдамалық пайымдау Ықпал ету Командада жұмыс істеу Қарым-қатынас құру Ауызша және жазбаша коммуникация Жауапкершілік Әдептілік нормаларын ұстану Әдістемені игеру Нормативтілік Нәтижеге бағдарлану</p>
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланыс	6-денгей	Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы
СК-мен байланыс	7-денгей	Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы

"Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы" кәсібінің карточкасы		
Кәсіптің коды	-	
Кәсіптің атауы	Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	6	
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптің біліктілік деңгейі	-	
Кәсіптік білім деңгейі	Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жалпы орта білім, жұмыс өтілі бойынша талаптарды қосызы	
		<p>Икемділіктер мен дағылар:</p> <p>1. Дайындық іс-шаралары мен алғашқы статистикалық деректер жинауды қамтитын жұмысты үйімдастыру</p> <p>2. Мұдделі тараптармен өзара іс-кимыл жасау</p>

		<p>3. Алғашқы статистикалық деректерді ұсынудың анықтығы мен уақытлылығын қамтамасыз ету процесін бақылау</p> <p>4. Жұмыста ДК, планшетті, оғиштік көшірмеледі, аудио және бейне техниканы пайдалану</p> <p>5. Жұмысты ұйымдастыру процесін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу</p> <p>6. Алғашқы статистикалық деректердің қупиялылығын сактау</p>
1-еңбек функциясы: Ұлттық санақтарды жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру	1-міндет: Ұлттық санақтарды жүргізу ді үйимдастыру және бақылау	<p>Білімі:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ұлттық санақтар мәселелері бойынша заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілері</p> <p>2. Еңбекті ұйымдастыру мен басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібінің қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары</p> <p>3. Тілді білу (грамматика, лексика)</p> <p>4. Іскерлік қарым-қатынас дағдылары</p> <p>5. Жұмыс процесін жоспарлау мен ұйымдастыру негіздері</p> <p>6. Алғашқы статистикалық деректермен жұмыс істей негіздері</p> <p>7. Алғашқы статистикалық деректерді жинау процесін ұйымдастыру</p> <p>8. Планшет, интернет-ресурс немесе қазақ жеткізгіштер арқылы алғашқы статистикалық деректерді енгізу процесі</p> <p>9. Алынған алғашқы статистикалық деректердің сапасын бақылау рәсімдері</p>
		<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Әлеуетті кандидаттардың мақсатты топтарын айқындау</p> <p>2. Іздеу жүйелерін, коммуникация арналарын айқындау және кандидаттарды тарту мақсатында тиісті іс-шаралар өткізу</p> <p>3. Мұдделі тараптармен өзара қарым-қатынас құру</p> <p>4. Кандидаттармен әңгімелесу жүргізу</p>

	<p>5. Жазбаша түрде ақпаратты алу, өндөу және беру</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Қазақстан Республикасының ұлттық санактарды жүргізу мәселелері бойынша заңнамалық және басқа да нормативтік күкүйтік актілері</p> <p>2. Жеке және кәсіби құзыреттерді қоса алғанда, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары</p> <p>3. Әлеуетті кандидаттардың мақсатты топтары</p> <p>4. Іздеу жүйелерінің түрлері және олардың сипаттамалары</p> <p>5. Әлеуетті кандидаттармен коммуникация арналарының түрлері және олардың сипаттамалары</p> <p>6. Әлеуетті кандидаттарды тартуға арналған іс-шаралардың түрлері</p> <p>7. Интервьюер ретінде адамдарды тарту қағидалары</p>
2-еңбек функциясы: Нұсқаушы-бақылаушыларды және интервьюерлерді іздеу, іріктеу және оқыту	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <p>1. Оқытууды ұйымдастыру және жүргізу</p> <p>2. Қажетті ақпаратты ұсыну</p> <p>3. Әдіснамалық және нұсқамалық құжаттармен жұмыс</p> <p>4.Оқып жүргендерге кері байланысты ұсыну</p> <p>5. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және процестерді үнемі жақсарту бойынша ұсынымдар беру</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Планшет, интернет-ресурс немесе қағаз жеткізгіштер арқылы санақ деректерінің базасына алғашқы статистикалық деректерді жинау және енгізу мәселелері бойынша нұсқаушы-бақылаушылар-мен және интервьюерлермен оқыту жүргізу</p>
	<p>2-міндет:</p> <p>Планшет, интернет-ресурс немесе қағаз жеткізгіштер арқылы санақ деректерінің базасына алғашқы статистикалық деректерді жинау және енгізу мәселелері бойынша нұсқаушы-бақылаушылар-мен және интервьюерлермен оқыту жүргізу</p>
	<p>Көшбасшылық Талдамалық пайымдау Кәсіпқойлық Нормативтілік Ікпал ету</p>

Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Жоспарлау және үйымдастыру Жауапкершілік Нәтижеге бағдарлану Командада жұмыс Ауызша және жазбаша коммуникация Әдептілік нормаларын ұстану Эмпатия Клиентке бағдарлану	
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланыс	7-денгей	Ұлттық санактарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы
СК-мен байланыс	-	-

"Ұлттық санактарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы" кәсібінің карточкасы	
Кәсіптің коды	-
Кәсіптің атауы	Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімінің басшысы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7
Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту үйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес кәсіптің біліктілік деңгейі	-
Кәсіптік білімнің деңгейі	Білім мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, гуманитарлық ғылымдар, құқық, әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар және технология, ауыл шаруашылығы ғылымдары, көрсетілетін қызметтер және мамандығы бойынша жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес
	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыскерлердің қызметін үйлестіруді, міндеттерді бөлу мен олардың орындалуын бақылауды, орындалу мерзімдері мен сапасын сақтауды қамтитын жұмыстарды жоспарлау және үйымдастыру 2. Мұдделі тараптармен өзара іс-кимел жасау 3. Мұдделі тараптармен келіссөздер жүргізу 4. Алғашқы статистикалық деректердің құпиялышының сақтау <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық санақтарды жүргізу мәселелері бойынша заннамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілер
	1-міндет: Жалпы білімді басқару, ағымдағы жоспарлау және жұмысты үйымдастыру

	<p>2. Жұмысты ұйымдастыру бойынша құқықтық актілер</p> <p>3. Іскерлік қарым-қатынас дағдылары</p> <p>4. Сапаны бақылау рәсімдері</p> <p>5. Енбекті ұйымдастыру процестерін жоспарлау және ұйымдастыру және персоналды басқару негіздері</p>
1-еңбек функциясы: Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу бөлімін басқару	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әлеуетті кандидаттардың мақсатты топтарын айқындау 2. Іздеу жүйелерін, коммуникация арналарын айқындау және кандидаттарды тарту мақсатында тиісті іс-шаралар өткізу 3. Мұдделі тараптармен өзара қарым-қатынас құру 4. Кандидаттармен әңгімелесу жүргізу
2-міндегі: Ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі нұсқаушыларды, нұсқаушы-бақылаушыларды, интервьюерлерді іздеу, іріктеу және оқыту	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кандидаттарды іздеу, іріктеу және оқыту мәселелерін реттейтін нормативтік және құқықтық актілер 2. Іздеу жүйелерінің түрлері және олардың сипаттамалары 3. Әлеуетті кандидаттардың мақсатты топтары 4. Әлеуетті кандидаттармен коммуникация арналарының түрлері және олардың сипаттамалары 5. Әлеуетті кандидаттарды тартуға арналған іс-шаралардың түрлері және оның сипаттамалары 6. Кандидаттарды іріктеу және бағалау қағидалары
	<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық санақтарды жүргізу 2. Жүргізу кезеңдерінің сақталуына бақылау жүргізу 3. Ұлттық санақтарды жүргізу әдісіне байланысты деректер дайындауды және жинауды қамтитын алғашқы статистикалық деректерді жинау бойынша жұмысты ұйымдастыру 4. Алынған алғашқы статистикалық деректердің сапасына бақылау жүргізу

	<p>1-міндет:</p> <p>Ұлттық санақтарды жүргізу процесін ұйымдастыруды бақылау және мониторингілеу</p>	<p>5. Жұмыста ДК, планшетті, оғиштік көшірмеледеуді, аудио және бейне техниканы пайдалану</p> <p>6. Мұдделі тараптармен өзара қарым-қатынас құру</p>
2-енбек функциясы:		<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық санақтарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар 2. Объектілер тізімін калыптастыру 3. Заманауи электрондық ресурстар технологияларының негіздері: электрондық пошта, интернет-ресурс. 4. Алғашқы статистикалық деректерді жинау процесін ұйымдастыру 5. Жұмыс процесін жоспарлау мен ұйымдастырудың негіздері
Ұлттық санақтарды жүргізу процесін мониторингілеу және бақылау		<p>Икемділіктер мен дағдылар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық санақтарды жүргізу кезендерін ұйымдастыру және бақылау 2. Алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кезінде оның анықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету 3. Толық қамтуды бақылау
2-міндет:	<p>Ұлттық санақтарды жүргізу кезінде респонденттерді және (немесе) үй шаруашылықтарын қамтуды бақылау</p>	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық санақтарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдіснамалық және нұсқамалық құжаттар 2. Ұлттық санақтарды жүргізу жөніндегі халықаралық ұсынымдар 3. Жұмыс процестерін жоспарлау мен ұйымдастырудың негіздері 4. Заманауи электрондық ресурстар технологияларының негіздері: электрондық пошта, интернет-ресурс
	<p>Көшбасшылық Стратегиялық пайымдау Талдамалық пайымдау Кәсіпқойлық Нормативтілік Ықпал ету Сана-сезім</p>	

Жеке құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар	Жоспарлау және ұйымдастыру Шешімдер қабылдау Жауапкершілік Нәтижеге бағдарлану Командада жұмыс Ауызша және жазбаша коммуникация Эмпатия Клиентке бағдарлану
СБШ шенберінде басқа кәсіптермен байланыс	
СК-мен байланыс	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК